

## **Ерекше маңызы бар концессиялық жобалар жөніндегі комиссияны құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің  
2018 жылғы 11 мамырдағы № 59-ө өкімі.

### **Ерекше маңызы бар концессиялық жобалар жөніндегі комиссия туралы ереже**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Ерекше маңызы бар концессиялық жобалар жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ерекше маңызы бар концессиялық жобалар бойынша қызметті жүзеге асыру үшін құрылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Концессия жөніндегі конкурстың тиісті ұйымдастырушысы Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Осы Ереженің 6-тармағының б) тармақшасында көзделген мәселелер бойынша Комиссияның жұмыс органы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган болып табылады.

5. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

#### **2. Комиссияның міндеттері**

6. Комиссияның міндеттері:

1) конкурсқа қатысушылар ұсынған барлық концессиялық өтінімдерді қарау және іріктеу;

2) үздік концессиялық өтінімді анықтау;

3) концессиялық өтінімі үздік деп танылған конкурсқа қатысушымен концессиялық жобаны және концессиялық шарт талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізу;

4) концессиялық жобаларды ерекше маңызы бар концессиялық жобалардың тізбесіне (бұдан әрі – тізбе) қосу не ерекше маңызы бар концессиялық жобаларды тізбеден алып тастау туралы ұсыныстар әзірлеу;

5) жасалған концессия шарттарын ұзарту мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

6) концессиялық жобаларды іске асырудың проблемалық мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

#### **3. Комиссия қызметін ұйымдастыру және оның жұмыс тәртібі**

7. Комиссияның қызметін ұйымдастыру және оның жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.